

3. Асыл К. Практика антитеррористического воспитания в учреждениях уголовно-исправительной системы // Информационный бюллетень Антитеррористического центра. – 2008. – №2 (9). – С. 62-64.
4. Кудрявцев В.Н. Борьба мотивов в преступном поведении. – М.: Норма, 2007. – 128 с.
5. Характеристика осужденных к лишению свободы: По материалам специальной переписи 1999г. – М., 2001. –47 с.
6. Антонян Ю.М., Гульдан В.В. Криминальная патопсихология. - М.: Наука, 1991. – 320 с.
7. Чуфаровский Ю.В. Юридическая психология. Учебное пособие. - М.: Право и Закон, 1997. — 320 с.

* * *

Мақала қылмыстық-түзеу жүйесінің мекемелерінде лаңкестік қылмыс үшін сотталғандармен психологиялық жұмыс ұйымдастыру өзекті мәселелеріне арналған. Лаңкестік іс-әрекет субъектілерінің типтерін анықтау нәтижелері көрсетілген.

* * *

The urgent problems of organization of the psychological work with condemned terrorists in the penal-correctional system as well as the results of research of different types of subjects of terrorist activity are presented.

К.Ф. Елшібаева

ГЕНДЕРЛІК ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯМЕН ҰШТАСУЫ

Қазіргі заманда елімізде гендерлік саясат өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазақстан тәуелсіздігі жылдары Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа интеграциялануы (ықпалдасуы, бірігуі) жөнінде үлкен жұмыстар атқарылды.

1998 жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенциясына (келісіміне) қосылды. Осы конвенцияға факультативтік хаттама бекітілді, ал 2001 жылы Қазақстан Республикасы конвенциясының орындалуы туралы БҰҰ-ға есеп берді, бұл есепке оң баға берілді. БҰҰ-ның «Әйелдердің саяси құқығы туралы», «Тұрмыстағы әйелдің азаматтығы туралы» конвенциясы, Халықаралық еңбекті ұйымдастырудың алты конвенциясы, оның ішінде «Бірдей еңбек еткені үшін ерлер мен әйелдерді тең марапаттау туралы» конвенциялар бекітілді [1].

Гендерлік психология – адамдардың жыныстық тәнділігіне байланысты әлеуметтік мінез-құлқын детерминациялаушы, тұлғаның гендерлік бірдейлік сипатын зерттеуші психологияның бөлімі. Бұл саладағы психологиялық зерттеулер адамдардың әйелдер мен ерлердің жынысының тұлғалық сипаттарын салыстырмалы зерттеуге бағытталған.

Адамдарды еркек пен әйелге бөлу адамның психикасы мен мінез-құлқына тән түйсігінің өзгешелігімен анықталады. Көбісі, бұл өзгешеліктерді ерлер мен әйелдер организмнің генетикалық, анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты деп есептейді. Ерлер мен әйелдердің қарама-қарсылық идеясы барлық белгілі қоғамдардың дәстүрлері мен мифтарынан басталған. Ол әртүрлі әлеуметтік институттарда (отбасы, әскер, тәрбие мекемелері, әділеттік органдары) бекітілген. Бірақ та, ерлер мен әйелдердің дене айырмашылық фактілері, нақ осы жыныстық

ерекшеліктерінің бақылануынан басталады деп айту ағаттық. Конституционалдық аспектілерінен басқа, бұл айырмашылықтар әлеуметтік-мәдениетті контекстке ие: белгілі бір қоғамдағы белгілі бір уақытта ерлерге не және әйелдерге не қатысты екендігі есептелетіндігі қамтылады. Бұдан басқа да, жыныстар арасындағы биологиялық айырмашылықтарды қабылдауымызға сай көзқарастар да кездеседі, олар да мәдени факторлармен анықталады.

Гендер – бұл ерлер мен әйелдердің әлеуметтік міне-құлқын, олардың өзара қарым-қатынасын анықтайтын мәдени сипаттамалардың өзіндік жинағы. Сонымен, гендер, тек әйелдер немесе ерлерге ғана емес, олардың арасындағы қарым-қатынасқа, бұл қатынастардың әлеуметтік құрылу әдісіне де, яғни, жыныстардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасына және бұл қатынастардың қоғамдағы «қатарға енуіне де» жатады. Класстар, нәсіл және этникалық концепциялар секілді, «гендер» түсінігі де әлеуметтік процесстерді түсіну үшін аналитикалық инструмент болып келеді.

«Гендер» терминінің енуі, ерлер мен әйелдердің көрініп тұрған әртүрлі тұлғалық сипаттамаларының айырмашылықтары, биологиялық детерминанттарымен тікелей байланысты емес, бірақ, өздерінің сексуалдық белгілері туралы субъективті білімді болуымен енгізілген ерлер мен әйелдердің әлеуметтік өзара қатынасының өзгешелігімен анықталады. Шынында, «еркектік» және «әйелдік» мінез-құлықтың психологиялық айыру белгілері әруақытта әлеуметтік қасиеттері болып табылады: топтық статус және осыған байланысты билік қатынасы (басқыншылық/ бағынушылық), орындаушы әлеуметтік рөлдер (аналық/әкелік), әлеуметтік белсенділіктің деңгейі (кәсіби қызмет/үй жұмысы) және т.б. Яғни, кәдісгі санадағы биологиялық жыныспен тығыз байланысты жеке бас сипаты («жыныс» деген сөзді күнделікті қолдануға қандай да бір деңгейде әсер етеді) әлеуметтік қарым-қатынас белгілі бір жүйесінде ғана пайда болады. Міне, сондықтан Р. Столлер, гендер категориясын, жынысқа байланысты белгілеу үшін, бірақ жеке бас және мінез-құлық сипаттарының әлеуметтік және тұлғааралық қатынастырының контекстінде пайда болғанда қолдануды ұсынды. Өйткені, грамматикалық термин «гендер» («рөлдік белгі») ерке пен әйел сипатының онтологикалық емес контекстуалдық маңыздылығын дәл білдіреді.

Жыныс психологиясы – жыныс және жыныстар арасындағы қатынастар проблемаларын зерттеуге арналған, көріністік және жеке-дара зерттеулерді біріктірген ғылыми білімдер саласы, сондықтан да жыныс психологиясын арнайы пән ретінде, гендерлік психологияның дамуының алдындағы ғылым деп атауға болады. Негізінде, жыныс психологиясы пәндік саласының дәл шекарасы жоқ, оған төмендегідей проблемалардың зерттелуін жатқызуға болады: әр түрлі жынысты адамдардың арасындағы психологиялық айырмашылық, әлеуметтік жынысты рөлдік дифференциация және стратификация, маскулинділік пен фемининділіктің мәдени стереотиптері, ұлдар мен қыздардың, еркектер мен әйелдердің әлеуметтенуінің ерекшеліктері, белгілі бір жыныстың өкілі ретіндегі жеке бастың психологиялық идентификациясы (теңесуі). Жыныс психологиясы, жыныстық айырмашылықтардың психологиясы және отбасы мен неке психологиясы білімдер салаларының тоғысуы негізінде дамыды.

Жыныстық айырмашылықтың психологиясы – бұл адамдардың айтулы немесе жанамалы, жыныстыққа тән немесе онымен ассоциаланатын айырмашылығын зерттеуші дифференциалды (жіктеу) психологияның бөлімі. Бұл бағыттағы жұмыста акцент, әртүрлі жынысты адамдардың мінез-құлықтарының ерекшеліктері мен психологиялық сипаттарының айқындалуында жасалынған.

Отбасы мен неке психологиясы – төмендегі факторларға байланысты туындаған әртүрлі сұрақтар көлемінде зерттелетін психологиядағы пән аралық бағыт: неке сапасына әсер етуші, отбасының даму кезеңі, отбасының рөлдік құрылымы, отбасы мүшелерінің арасындағы билікті бөлу, ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас, неке мен отбасы жөнінде нұсқау, некелік серіктесін таңдаудағы детерминанттар, ата-анамен балалардың арасындағы психологиялық ерекшеліктері және т.б. Бұны, гендерлік психологияның алдындағы ғылымдардың бірі ретінде санауға болады. Мұның дамуын келесі кезеңдерге бөлуге болады (И.С. Клецина, 2004):

1. XX ғасырдың бірінші жартысындағы жыныстар арасындағы қарым-қатынас психологиялық проблемалар туралы дискуссия;

2. XX ғасырдың екінші жартысындағы (60-80 жж.) жыныс психологиясының дамуы;

3. XX ғасырдың 90 жылдарындағы жыныс психологиясы.

80-ші жылдары жыныс психологиясы мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер саны көбейе бастады. Бұл жұмыстарды екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа, әртүрлі жынысты адамдардың мінез-құлық пен психологиялық сипаттарының ерекшеліктері туралы мәліметтер орталықтандырылмаған, басқа ғылыми зерттеулерге тек қосымша мағлұматтар ретінде қаралған. Ғылыми ортада, В.А. Геодакянның (1989) жыныстық диморфизмінің биологиялық теориясы кең орын алды. Жалпы айтқанда, бұл концепцияның мазмұны, кез келген биологиялық жүйенің өту процесі екі қарама-қарсы бағытты алады: тектілік (тұқымдағы барлық ата-аналық белгілердің өзгермеушілігін жақтаушы консервативті фактор) және өзгергіштік (соның арқасында жаңа белгілер пайда болады). Әйелдік бастау тұқым өндіру, ұрпақтан ұрпаққа сипаттамалары мен қасиеттерін табыстау, ал еркек жыныстылар, популяцияның алдыңғы шебіндегі отрядтай, тіршіліктің жаңа шарттарымен беттесу қызметін өз мойындарына алады. Әйелдер тұрақты «есті», ал еркектер – естің оперативті, «уақытша» түрін бейнелейді.

Сыртқы жағдайлардың өзгерісіне байланысты, қоршаған ортадан түскен ақпараттар ең бірінші, сыртқы әлеммен көбірек байланыста болатын еркектер қабылдайды. Генетикалық ақпараттар, уақытша және кенеттен болатын ығыстырулар електен өткеннен барып қана ұрғашы беретін, еркектердің қорғауымен ішкі популяцияның тұрақты «инерциалды ядросына» түседі.

Сондықтан да еркек жыныстылар осалдау келеді, ал әйел жыныстылар қоршаған ортаның қажетсіз әсеріне үлкен мықтылық, өміршендік танытады. Жыныстық эволюцияның теориясына сәйкес, әйел заты реакциясының қалыбы, яғни, олардың икемділігі, онтогенезде барлық белгілерін алғанда еркектерге қарағанда кеңірек. Қоршаған ортаның барлығына бірдей зиянды факторы, ұрғашының генетипіне тиіспей ғана оның фенотипін модификациялайды, ал еркектердің генетипін де, фенотипін де бұзады. Реакцияның әртүрлі қалыптарының салдары әйелдерде үйренушілік, тәрбиеленушілік, конформдылық жоғары, ал еркектерде – тапқырлық, зеректік, өнертапқыштық (ізденіштік) басым. Сондықтан да, әйтеуір бір шешілетін (жаңалыққа деген жоғары деңгейдегі талап және ең төменгі деңгейдегі жетілдір) және алғаш рет орындалатын жаңа мәселелерді еркектер жақсы шешеді, ал таныс мәселелерді (ең төменгі деңгейдегі жаңашылдық, жетірудің ең жоғарғы дәрежесі) керісінше - әйелдер жақсы шеше алады [2].

Қазіргі заманда тұрмысқа шыққан әйел, өзінің некесі сәтсіз болған және балаларына алаңдаушылық туған жағдайларда, жалғыздықтың зардабын шегеді. Экономикалық тәуелсіздік қазіргі заман әйеліне еркіндік әкелді. Алғашында ол өзінің

жалғыз қалғандығына қайғырса, кейін қуана-қуана қабылдайтын дәрежеге жетті. Ол өзін жалғыздықтың «тәтті дәмін» жақсы сезіне бастады. «Әйел адам тұрмыс құрып, отбасында қандай қиындық болса да көнбістікпен өмір сүруі керек» - деген қоғам қабылдаған өмір салтымен емес өзі таңдаған өмір сүру салтымен жүруді қалап, салыстыру мүмкіншілігіне ие болды. Сол өзіне ыңғайлы жағдайда өмір сүре отырып, өзі үшін ауыр болып есептелетін қарым-қатынастардан арыла бастады.

Таңдау мүмкіншілігі әйел адам үшін тереңінен жағымсыз әсер етті. Барлық адамдарға табиғи нәрсе болып көрінетін әйелдердің еркектерді таңдау еркіндігі – тек соңғы бір жарым жүз жылдықтың нәтижесі болып табылады. Өткен дәуірлерде таңдау еркіндігі мен отбасын құру ер адамдар мен ата-ана қолында ғана болатын. Әйелдік таңдау еркіндігі сондықтан әрқашан да қайғылы аяқталады, дәл осы тұста Қозы-Көрпеш Баян-Сұлу, Қыз Жібек пен Төлеген, Ләйлі мен Мәжүнүн және т.б. тарихи образдарды еске алуға болады [3].

Енді жоғарыда көрсетілген жайттар көлемінде ой салуға көмектесетін бірнеше тапсырмалар мен жаттығуларды ұсынғанды жөн көрдім.

«Идеалды әйел, идеалды еркек» тапсырмасы

Тапсырманың мақсаты – «идеалды» еркек пен әйел образдары туралы өзінің көріністерін айқындау, қандай деңгейде олар өзінің сенімді ой-пікірі болып есептелетіндігін, ал қандай деңгейде – қоршаған ортаның күткеніндей және қоғам ұсынған гендерлік таптаурын әсерін зерттеу.

Қатысушылар өздерінің пікірлері бойынша 5-6 минуттың ішінде «идеалды әйел» мен «идеалды еркек» образын құрастырушы сипаттамаларды қағазға жазады. Содан соң әр топша жинақталған образдарын құрастыра, өздерінің тізімдерін оқиды. Топшалардың жұмысының қорытындысы бойынша топтың жалпы бірлескен көрінісі моделденеді. Барлық топпен құрастырылған қорытынды образ тақтаға жазылады.

Әрі қарай қатысушыларға, алынған сипаттамаларды, әрқайсысын алдын ала қорыта оқу ұсынылады: «Мен әйелдің ... болатындығын сенімді түрде айта аламын», «Мен еркектің ... болатындығына қатты сенемін», «Мен әйелдің ... болатындығын тура білемін». Бұл жұмыс жеке-жеке орындалады. Қатысушылар өздерінің ішкі қарсылықтарын шақыратын бекітуді белгілей отырып, күбірлеп оқиды. Топта талдау барысында қандай қасиеттері өзінің «мықты» сенушілігін анықтауға қиындау тиді, ал олардың қандайы қоршаған ортаның мақсатын немесе таптаурынын қамтиды.

«Еркектер мен әйелдердің қасиетті мен рөлдері» тапсырмасы

Тапсырманың мақсаты – әйелдік және еркектік дәстүрлі қасиеттері мен рөлдеріне тән гендерлік таптаурынын айқындау.

Алдыңғы жаттығудағы құрастырылған «идеалды әйел» мен «идеалды еркектің» образдарын дәстүрлі гендерлік қасиеттері мен рөлдері қырынан талданады. Қатысушылар өздерінің зерттеу жұмыстарының қорытындыларын келтіреді: ата-аналардың, айналасындағылардың айтқандарын, БАҚ таратқан образдарын. Қрытындыларын талдау және тіркеу, жазу кезінде, ұрпақтан ұрпаққа өтіп, хабарланып отыратын таптаурындардың тұрақтылығына, шапшаңдығына, дәстүрлі гендерлік рөлдердің бөлек қырларына деген көзқарастардың өзгерісіне назар аударуды айту қажет. Гендерлік таптаурындардың қайсысы үлкен деңгейде өзгеріске ұшырайтындығын анықтауға болады. Топшаларда қатысушылардың елестетулеріне үлкен деңгейде әсер еткен таптаурындар талданады, әйелдер мен еркектер «солай бола алады» немесе «осыны жасайды» деген нақтылық бар ма ой-пікірі дәйектеледі.

«Жаңа біз» тапсырмасы

Қатысушылар өздерін жан-жақты қырынан көре ала отырып және талап-тілектеріне қарай өздерінің идеалды образдарын нақтылайды, содан соң жұп-жұпқа бөлініп өздерінің қандай әйел/еркек болғылары келетіндіктері туралы айтады. Талдау барысында осы образды өмірде нақты іске асыруда күдіктерін де (әрине егер ондай болса) айтады.

Рефлексия кезеңі. «Презентация» жаттығуы

Әр түрлі жынысты немесе біртекті жынысты топ болсын, бұл жаттығудың тиімділігі өте жоғары. Топтармен жұмыс жасау барысында жинақталған тәжірибелерге қарап айтатын болсақ, бұл вариантта гендерлі таптаурындардың айырмашылықтарын анықтау тиімдірек болды. Топ мүшелері 12-14 адамнан көп болмағандығы жөн, себебі топ қатысушылары одан көп болған жағдайда уақыт көп кетеді.

Жүргізушіге нұсқау: «Қазір сіздер өздеріңізге онша таныс емес қатысушымен, немесе аз араласатын адаммен жұп құрасыздар (кез келген топта мұндай жұпты құруға болады). Әрқайсыңызға өзіңіз туралы айтуыңызға 3 минут уақыт беріледі. Сіздің серіктесіңіз сізге сұрақтар қойғысы келсе қояды. Содан соң сіздер рөлдермен алмасасыздар. Есіңізде болсын, партнерыңыз туралы әңгіме айтқанда, сіз оның атынан сөйлейсіз».

Диалогтан соң, жұптағы қатысушының бірі партнерының артына тұрып, оның иығына қолын қойып, бір минуттің ішінде сол адам болып сөйлейді: «Мен Арман... Менің ұнататыным... Менің жақтырмайтыным... Менің таныстарым мені...» және т.б. Бұл жерде ешқандай схема немесе қатаң ереже жоқ, тек қана партнердың атынан сөйлеуге бір минут қана уақыт беріледі. Уақыт жетпеді ме - әңгіме үзіледі, ал уақыт қалса – топ сол бір минут біткенше күтеді, әңгімені айтқан адам тағы да қосымша бір нәрсені айтуына болады. Осыдан соң топ қатысушылары 3-4 сұрақтар қоюына болады. Әңгіме айтушының міндеті – партнерын «сезінуі», жауап бергенде де соның атынан сөйлеуі. Ал партнер «шындық ашылғанша» ешқандай қарсылық білдірмейді – кері байланыс жаттығудың соңында.

Қосымша ескерту: қатысушылардың көбісіне, өзі туралы ақпараттарда бұрмалаушылықтар болған жағдайда үндемей отырып қалу өте қиынға түседі, бірақ та мимикалық жағынан басқа комментарийлардың барлығы жаттығудың соңында болуы шарт. Партнер өзін презентациялап жатқанда, ол қатысушы өзінің сезімдерін бақылап отыруы керек, қай жерде қандай бұрмалаулар кетті, түсінбеушілік не себептен болды. Егер мұндай шектеулер қойылмаса, сөз салғыластырушылық пайда болып, негізгі мақсатқа жету қиынға соғып кетуі мүмкін.

Бұл жаттығудан, тіпті екі адам сөйлесіп жатқан күннің өзінде де, ақпараттардың бұрмалаушылығы қандай қатты әсер ететіндігін көруге болады. Қай жұпта бұрмалаушылық көбірек болғандығын білу өте маңызды [2].

1. Шакирова С., Хаматдинова А., Яхияев Қ. Көпшілікке арналған гендерлік білім Алматы: CopyLand, 2002. – 25 б.
2. Малкина-Пых. Гендерная терапия Москва: Эксмо, 2006. - 240 с.
3. «Алтын босаға» газеті, 2009, - 4 б.

* * *

В статье рассматривается проблема гендерных различий в восприятии, имеющих значение для поведения человека.

* * *

This article is about gender differences in perception with regard to the differences in behaviour.